

Тілеуқабыл МЫҢЖАСАР

ЖАҢАНДЫ
ЖАУЛАҒАН
ЖАНР



АРЫС

Алматы

— 2010 —

«Шарайна» бағдарламасы бұл міндетті 1994-ші жылдың мамыр айына дейін атқарып келді. Осы кезде «Қазақстан» теле-радио корпорациясының төрағасы Шерхан Мұртазаның орнын Лейла Бекетова алмастырды. Жаңа басшылық жаңалықтар редакциясының қызметіне біраз жаңалықтар енгізді. Тәуліктің 9 сағатын жаңалыққа арнап, жүртшылықты республика өміріндегі маңызды ақпараттармен сусындастып отырамыз деген ниет нағыз іске көшкенде іркіліске ұшырай берді. Басшылықтың пайымдауынша, жаңалықтар сағат сайын барабан секілді айналып тұрады. Ескіре бастаған жаңалықтың орнын жаңа репортаждар басады. Сағат сайын жаңа сюжет жасау үшін журналистер дамыл таппауы керек. Оператор, бейнеинженерлерге де солай. Барлық техника, тіпті көлік жағы сақадай сай болуы қажет. Жалпы, «барабанды» бабымен айналдырып отыруға әлі ерте еді. Сонда да болса, нартауекел деп кірісіп кеттік. Қанша әрекеттенесек те барабанды сағат сайын жаңартып отыруға жағдай көтермеді. Осындай күндерде бір әріптесіміздің «менің кеше жасаган репортажым екі күннің ішінде 12 рет эфирден өтті, мынау эксперимент елді мезі ететін болды ғой» дегені бар. Бұл кезеңде экономикалық және әлеуметтік тақырыптағы мәселелердің барлығы топтастырылып, жаңалықтар ретінде эфирден беріліп жатты. Ал саяси маңызы бар оқиғалар мен күнделікті жаңалықтар «Саясат» деген айдармен шығатын кешкі бағдарламаға топтастырылды. Бірақ бұл көпке созылмады. Дей тұрганмен, көрермен «Шарайнадан» бастап көз үйреткен Президент, Парламент, Үкімет, экономика, өндіріс, ауылшаруашылығы, әлеумет, мәдениет, спорт, аяу райы болып жалғасып жататын жаңалықтардан адасып қалғандай күй кешкені ақиқат. Соидықтай 1994-інші жылғы жазда «Қазақстан» теле-радио корпорациясының ішінен «Хабар» ұлттық ақпарат агенттігі құрылды. Оның атын қоюдың өзі қызық болды. «Қазақстан» деп атайдық деген ұсыныс болып еді, «ол бұрын болған атау ғой» деушілер шықты. Ендеше, «Шарайна» дейік, шар – жер шары, яғни бүкіл әлем, ал, айна – теледидар, – деді кейбіреулер. Неге екенін қайдам, бұган да қарсылық көп болды.

белдеудің айырмашылығы 6 сағат. Ертеңіне жексенбі еді. Бір күн тынығып, кешегі ең ұзак күнге кеткен есемізді қайтардық, жергілікті күн райы мен ерекшеліктерге бейімделдік. Кешкілік теледиар тамашаладық. Барлық арна ағылшын тілінде сайрап тұр. Кенет, «Би-Би-Си» жаңалықтарынан Чечня, Чечня деген сөздерді есітіп қалдық. Сөйтсек, Шешенстан согысы басталып кетіпти.

Дүйсенбі күні сабакқа кірістік. Үкіметтік делегациялардың кездесуінде әр лауазым иесінің алдына аты-жөні мен қызметі жазылған бір жапырақ қағаз тұратынын көріп жүргенбіз. Біз отыратын столдарға да сондай қағаз койылышты. Менікіне «Томас Мынжасаров, Казакистан» деп ағылшынша жазылышты. Түсінбедім. Англияга келіп, Томас болып кеткенім қалай? – деп таңырқап тұрғанымда әріптесім Манас Мирманов:

– Тілеке, осы қағаздарды дайындар алдында мені курс жетекшісі шақырып, мына кісінің есімін түсінбей тұрмыз, айтып беріңізші деді. Орысшалап Тилемекабыл десем, тілдері де келмеді, жаза да алмады. Сонын ауылда жүргенде Науқанбайды – Николай, Берікбайды – Борис дей салатынымыз ойыма түсіп, мен – Манас, Тилемекабыл – Томас дегенмін. Сондықтан оңайлатып жазып қойғаны гой, ренжіменіз, отыра беріңіз, – деді.

Оку – ағылшын тілінде. Аудармашы егде жастағы кісі. Орысшасы жатық көрінді. Э дегеннен-ак, қиналмастан оку бағдарламасына ілесіп кеттік. Репортаж жанры бойынша сабак беретін негізгі үш оқытушының тәжірибелі екендіктері бірден ангарылды. Кезінде «Би-Би-Си» компаниясында жұмыс істеп, ысылған журналистер екенін кейін білдік. Оқытушы әңгімелейді, біз тыңдаймыз, бірак ештене түсінбейміз. Аударма жасалған кезде жапа-тармағай дәптерге шұқшиямыз. Өзіміз илеп жүрген терінің пұшпағы гой демекші, өзіміз жасап жүрген репортаж туралы болғандықтан, әңгіме ауанын қадімгідей түсініп, келе-келе аударма сабакқа да үйреніп алдық.

